

Абишева Айгерим Кенжебаевнаның 6D120100-«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Жылқы ринопневмониясына қарсы өсіндік вакцина дайындау технологиясы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін; оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу.

Ринопневмонияның жоғары жұқпалығына байланысты індеттің алдын алу және күрес шаралары ветеринариялық-санитариялық ережелерді қатан сақтауға негізделген.

Жылқы ринопневмониясы елімізде жеке және жылқы шаруашылықтарында тіркелді. Қазіргі уақытта Ресей аймақтарынан ТМД мемлекеттерінен және бірқатар Еуропа елдерінен әкелінетін жылқылардың біртіндеп өсу тенденциясы байқалады. Бұл ретте қолайсыз елдерден жылқылардың ринопневмониясын әкелу қаупі бар. Жылқы санының көбеюі және көрші елдерден импортты дамыту ринопневмония індеті бойынша жағдайды бақылауды күшейту қажет етеді.

Жануарларды инфекциядан алдын алу үшін этиологиясы белгісіз індеттермен түскен жылқыларды шаруашылыққа қосуға тыйым салынады. Шаруашылыққа жаңадан әкелінген жылқылар бір ай бойы басқа, кем дегенде 300 метр қашықтықта ат қораларда бағылады. Егер бақылау уақыты ішінде жылқыларда дене температурасы, сонымен қатар жоғарғы тыныс жолдарына зақым, буаз жылқыларда іштастау болмаса негізгі топқа ауыстыруға болады.

Жылқылардың ринопневмониясы бойынша қолайсыз пункттен шектеу егер буаздықтың екінші жартысында жануарларда іш тастау болмаса, соңғы іш тастау жағдайынан немесе тіршілікке қабілетсіз құлын туылған және қорытынды іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін екі айдан соң алынады.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми әдіснамалық ережелерді ашу.

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы таңдалған әдіснамалық зерттеуге негізделген. Осыған орай диссертация жұмысын орындаудағы мақсат және міндеттерді айқындауда дәлелденген теорияларға сүйене отырып қорытындылаған. Зерттеу әдістері зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келіп және нәтижелердің шынайылығын қамтамасыз еткен. Зерттеудің теориялық қорытындылары практикалық маңыздылыққа ие болған, яғни өндіріске, білім беруге немесе қоғамдық өмірге енгізу мүмкіндігі жоғары. Жылқы ринопневмониясына қарсы вакцина дайындаудағы жаңа зерттеу бұрынғы ғылыми жетістіктерге сүйене отырып, оларды әрі қарай дамытуға бағытталған. Алынған нәтижелері шынайы болып табылады.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде елімізде алғашқы рет жасуша өсіндісінде өсірілген препараттың технологиясы әзірленіп, жылқылардың

ринопневмониясына қарсы құрғақ вирусвакцинаның эксперименттік үлгілері жасалып, оның иммунобиологиялық қасиеттері сыналды, практика жүзінде профилактика ретінде індеттің алдын алу үшін жануарларға қолданылды. Жоғардағы мәселелерді шешуде, жылқы ринопневмониясына қарсы отандық препаратты дайындау технологиясының маңызы өте зор. Осы жағдайларды ескере отырып, докторант Абишева Айгерим Кенжебаевнаның жылқының ринопневмониясының профилактикасының жаңа құралдарын, жылқы шаруашылығы саласының әлеуметтік-экономикалық сұранысынан туындап, аталған инфекция әлеуметтік-экономикалық проблеманы шешімін табатындығы сөзсіз. Сондықтан, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың талаптарын сақтау және сезімтал жануарларды вакцинация жасау, елдің жылқы шаруашылығы саласының жоғары экономикалық әсері мен өсуіне, сондай-ақ елеулі оң әлеуметтік экономикалық нәтижелер береді.

Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 8 ғылыми жұмыс, оның ішінде 1 мақала Scopus (Q1, перцентиль 99), базасына кіретін журналында жарияланған, 3 мақала - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған республикалық ғылыми журналдарда, 4 мақала - халықаралық конференциялар, конгресстер мен симпозиумдарында баяндалып жарияланған.

Диссертацияның құрлымдық және мазмұндық тұтастығы.

Диссертация тақырыбы, алға қойылған мақсаты мен міндеттері және алынған нәтижелері, қорытындылары өзара байланысқан. Вирустың мол өсінін беретін жасуша өсіндісін таңдау және оның қолайлы режимдерін анықтап вакцина даярлау, оның егу жолдарын және иммуногендігін зерттей отырып қолдануға ұсыныс берген. Осылайша әрбір бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысып, нақты қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Жұмыстың жазылуы стилі тұтастай ғылыми сипатта және бір-бірімен тығыз байланысқан.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.

Жылқы ринопневмониясына қарсы «Жылқы ринопневмониясына қарсы өсіндік вакцина дайындау технологиясы» тақырыбына дайындалған диссертация аясында індеттің жылқы шаруашылықтарына тигізетін зардабын және профилактикалық препаратты өндіру технологиясының елімізде жоқтығын ескере отырып, індет вирусының антигендік, серологиялық, иммуногендік, бірінші трипсинделген және дамылсыз өсетін жасушалардың қоздырушыға сезімталдықтарын анықтауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын меңгерген.

Докторанттың зерттеуші ретінде сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.

Абишева Айгерим халықаралық талаптарға сай ғылыми мақала жазуға қабілетті, заманауи зерттеу әдістерін меңгерген, теориялық білімін ғылыми зерттеулерде қолдана білетін, ғылыми қызметкер ретінде қалыптасқан, өз бетімен зерттеулер жүргізе алатын, өз ойын нақты жеткізетін, қарапайым және еңбек сүйгіш интеллектуалды тәуелсіз тұлға.

Қорытынды.

Алғаш рет жылқының ринопневмония вирусының «АК-2011» авирулентті штаммынан жылқының ринопневмониясына қарсы вакцина жасаудың жаңа технологиясы жасалып, әзірленді. Мемлекеттік сұранысқа ие.

Қорыта келе, докторанттың диссертациялық жұмысы отандық және шетелдік кеңесшілердің жетекшілігімен өзі орындағанына күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысының өзектілігі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік бөлімінің ауқымдылығы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежесін беру ережесінің талаптарына сәйкес келеді, докторант Абишева Айгерим Кенжебаевнаның 6D120100 – Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жылқы ринопневмониясына қарсы өсіндік вакцина дайындау технологиясы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
ҚР АШМ ВБЖҚК «Ветеринария бойынша
Ұлттық референттік орталық» ШЖҚ РМК
Алматы филиалы, «Тағам өнімдерін талдау»
зертханасының меңгерушісі,
ветеринария ғылымдарының кандидаты

К.Т. Майхин

К.Т. Майхинның қойған қолын растаймын,
ҚР АШМ ВБЖҚК «Ветеринария бойынша
Ұлттық референттік орталық» ШЖҚ РМК АФ
секретарь-референті

А.А.Турсынбаев

20.01.2026